

Орал қаласы көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2010 жылғы 12 наурыздағы N 27 -17 шешімі және Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 18 ақпандағы N 380 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2010 жылғы 16 сәуірде N 7-1-184 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 31 баптарына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабына сәйкес, қалалық ономастикалық комиссияның 2010 жылғы 17 ақпандағы N 1 хаттамасы негізінде және мемлекеттік пен қоғамдық ұйымдардың Жеңістің 65-жылдығын мерекелеу қарсаңында Орал қаласы көшелерінің атауларын өзгерту бойынша ұсыныстарын қарап, Орал қалалық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. Орал қаласының келесі көшелерінің атаулары:
 - Архитектурная көшесі – Кеңес Одағының батыры Г. Рамаев көшесі;
 - Взлетная көшесі – Кеңес Одағының батыры Ф. Волков көшесі;
 - Кооперативная көшесі – Кеңес Одағының батыры И. Зрелов көшесі;
 - Высотная көшесі – Кеңес Одағының батыры Е. Ниетқалиев көшесі;
 - Дружная көшесі – Кеңес Одағының батыры Г. Наумов көшесі;
 - Кавказская көшесі – Кеңес Одағының батыры А. Гребнев көшесі;
 - Казахстанская көшесі – Кеңес Одағының батыры С. Жақсығұлов көшесі;
 - Кирпичная көшесі – Кеңес Одағының батыры И.Куличев көшесі;
 - Котельная көшесі – Кеңес Одағының батыры Н. Чуриков көшесі;
 - Низовая көшесі – Кеңес Одағының батыры И. Мордасов көшесі;
 - Меховой комбинат көшесі – Кеңес Одағының батыры В. Тарасенко көшесі;
 - Раздольная көшесі – Кеңес Одағының батыры М. Абдолов көшесі;
 - Сенная көшесі – Кеңес Одағының батыры Қ. Ахмиров көшесі;
 - Районная көшесі – Кеңес Одағының батыры А. Чурилин көшесі;
 - Столбовая көшесі – Кеңес Одағының батыры Н. Видяшев көшесі;
 - Элеваторная көшесі – Кеңес Одағының батыры А. Коровин көшесі;
 - Ясенева көшесі – Кеңес Одағының батыры Н. Черненко көшесі;
 - Чичерная көшесі – Кеңес Одағының батыры А. Стрижаченко көшесі;
 - Тепловая көшесі – Кеңес Одағының батыры П. Садомсков көшесі;
 - Щорс көшесі – Кеңес Одағының батыры Е. Орақбаев көшесі;

Черноморская көшесі – Кеңес Одағының батыры Б. Хитев көшесі;
Футбольная көшесі – Кеңес Одағының батыры Г. Чумаев көшесі;
Коммерческая көшесі – Кеңес Одағының батыры А. Тихоненко көшесі;
Коммунальная көшесі – Кеңес Одағының батыры Г. Шевцов көшесі;
Новая көшесі – Кеңес Одағының батыры Г. Губаров көшесі;
Огородная көшесі – Кеңес Одағының батыры Н. Әбдіров көшесі;
Нижегородская көшесі – Халық қаһарманы Х. Доспанова көшесі;
Монетная көшесі – Даңқ орденінің толық иегері М. Шамов көшесі;
Равнинная көшесі – Даңқ орденінің толық иегері А. Балашов көшесі;
Фруктовая көшесі – Даңқ орденінің толық иегері А. Ковалев көшесі;
Тупиковая көшесі – Даңқ орденінің толық иегері Қ. Имашев көшесі;
Инструментальная көшесі – Даңқ орденінің толық иегері В. Захаров көшесі;
Чувашинская көшесі – Даңқ орденінің толық иегері Б. Мұхамбетов көшесі;
Космическая көшесі – Ш. Айталиев көшесі;
Камышинская көшесі – Ш. Жексенбаев көшесі;
Нефтяная көшесі – Мұнайшылар көшесі;
Объездная көшесі – Алаш көшесі;
Парковая көшесі – Қ. Рысқұлбеков көшесі деп өзгертілсін.

2. Осы қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Орал қалалық мәслихатының
кезекті 27-ші сессиясының
төрағасы*

В. П. Любавин

*Орал қаласының әкімінің
міндетін атқарушы
В. В. Дремасов*

*Орал қалалық мәслихатының
х а т ш ы с ы*

Ә. Қ. Истелюев